

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

# **Тақырыбы: Қазақстандағы терроризм мен экстремизм**

**Орындаған: Сламбаева А.Б.  
Тексерген: Бекбаева Ж.Ж.**



# Терроризм

- Терроризм -[ лат. terror -қорқыныш, үрей]- саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды. “Террор” ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты қолданылатын сипаттауда қолданылады.



Терроризм - ұйымдасқан топ  
діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін  
күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс.  
Қазіргі жағдайларда террористер аманат  
алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды  
басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып  
қашу және өзге де әрекеттерге барады.



**Терроризмнің мақсаты-** мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілікпен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау. Сонымен бірге қоғамда дүрбелен тудырып, көшеде, жұмыс және дем алатын жерлерде, халықтың көп шоғырланған орындарында, сауда саттық орталықтарында оқу және мәдениет ошақтарында кез келген уақытта бүлік шығарып, үрей тудыру.

# Экстремизм

Экстремизм дегеніміз: Француз - *extremisme*, латын тілінде – *extremus* «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді.

# Діни экстремизм:

Діни экстремизм үшін «Харам мен халал» (арам мен адал), «өзіңе қалағаныңды басқаға да қала» деген қағидалар болмайды. Олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық. Сонымен қатар діни антқа байлап қойған адамдардың экстремистік қатардан шыға қоюы өте қиын.



# Қазақстандағы терроризм

- Қазіргі уақытта, бұған дейін мүмкін болып қарастырылып келген, терроризм мен экстримизмнің таралу қаупі Қазақстан үшін мемлекет, қоғам мен азаматтардың қауіпсіздігіне төнетін шынайы қауіпке айналып отыр.



# Ақтөбедегі террорлық әрекет

- Маусым айының 5-і күні Ақтөбеде сағат 14:28-де діни радикалдар тобының қару-жарақты иемдену үшін “Паллада” қару-жарақ дүкеніне шабуыл жасағаны жайлы хабарланды.





26 қылмыскердің 25-і дүкенге басып кірген. Біреуі далада қалған. Дүкеннен 14 шолақ мылтық пен 4 мылтықты ұрлаған. Кейін полиция көлігіне мінген алтауы екінші дүкенді тонайды. Сақшылармен атыстан қашып құтылғандары, әрі қарай әскери бөлімге шабуыл жасағаны белгілі. Мұнда, өткізу бекетінде тұрған 3 сарбазды атып өлтірген. Айта кетерлігі, ішкі кезекшілікте тұрған марқұмдарда пышақтан басқа қару болмаған. Ақтөбедегі атыс кезінде 21 адамның қаза тауып, 38 адамның әртүрлі дене жарақаттарын алғаны белгілі болып отыр.



- ▣ **2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды.**



# Терроризммен күрес

- Нұрсұлтан Назарбаев діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бағдарламада лаңкестіктің а Президент лдын алуға жұртшылықты жұмылдыруға және мақсатты топтар арасында ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіруге жете мән берілген. Экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған бес жылдық бағдарламаға 200 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылғаны белгілі.



Бүгінгі таңда барлық кәсіпорындар, мекемелер мен компаниялар өз қызметкерлерінің терроризм мен экстремизмге қарсы сауатын арттырып жатыр. Әрбір министрлік аталған тақырыпқа қатысты жоспар құрады. Мұсылмандар діни басқармасы да мешіттерде діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстарын жүргізіп жатыр



- Республикамыз БҰҰ-ның лаңкестікпен күрестегі барлық 12 әмбебап Конвенциясына қосылды. Осы салада, сондай-ақ, халықаралық лаңкестікпен күресте 13 мемлекетпен екіжақты келісімдер жасалды.

- ▣ 2005 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Терроризмге қарсы комитетінің IV-ші арнайы мәжілісі Алматы қаласында болып өтті. Н.Назарбаев, ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, және ОАЫҰ мүше елдер министрліктері мен басшылары, лаңкестікке қарсы әрекет етумен айналысатын 70 астам халқаралық , аймақтық және субаймақтық ұйымдардың өкілдері қатысты.

# Қорытынды


- Терроризм мен экстремизм – адамзаттың қас жауы! Оны елге кіргізетін болсақ жазықсыз жандар – балалар, аналар мен қарттар шейіт болады. Терроризм, экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты - ол қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлік. Жұртшылық осыны ұғынуы керек. Біз діни экстремизм мен терроризмге қарсымыз.



Біз - діни экстремизм мен терроризмге  
қарсымыз.



**Тыңдағандарыңызға  
рахмет!**



# Сұрақтар:

- 1. Терроризм дегеніміз не?
  - 2. Экстремизм дегеніміз не?
  - 3. Сізге таныс террорлық әрекеттер?
  - 4. Алматыда болған террорлық әрекетке көзқарасыңыз қандай?
  - 5. Терроризмге қарсы қандай іс-шараларды білесіз?
- 